

«6D020100-Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған Балабекұлы Досжанның «Қазіргі заманғы Қазақстанның ақпараттық кеңістігі: әлеуметтік-философиялық талдау» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми

СЫН-ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Бұл еңбектің өзекті тұстары алдымен, Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеумен тығыз байланысты. Себебі, қазіргі ақпараттық қоғам көрінісінде әрқашан тың, әрбір жаңа үздіксіз жүріп отырған үдеріске қатысты пікірлер айтылмағандықтан, біздің еліміздегі ақпараттық әлемнің жалпы келбетін толықтай айқындап алу мәселесі тұр. Бүгінгі таңда ақпараттық шабуыл, ақпараттардың өзара қақтығысы сияқты көп айқындала бермейтін жалпы адамзаттық ортада қалыптасқан беталыстар бар екендігі белгілі. Осыған сәйкес ақпараттық ортаның отандық жаңа жағдайда негізгі форматтарын зерттеу заман талабынан туындаған шындық. Ендеше, Қазақстан аймағындағы ақпараттық кеңістікті зерттеу ұлттық қауіпсіздік пен қатерден туындайтын мәселе болып отыр.

Екіншіден, қазіргі заманғы ғылыми танымдық ақпараттық аймақта ақпараттар кейде дұрыс бағдарды ұстанса, кейде жағымсыз мәнге ие болып отыр. Сондықтан, ақпараттық әлемді байыпты зерделеу қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірінен саналады. Өйткені, «ақпараттық таным» жөнінде арнайы ғылым саласы құрылмаса да, бұндай ілім өзінің көкейкестілігін үнемі қажет етіп келеді. Автордың қозғап отырған басты мәселелерінің бірі осы. Дүниеауи рухани деңгей қашанда ақпараттарға тіреледі. Бұл мифтік дәуірден бастау алған дүниеге көзқарастар да дәйектелген. Сондықтан, диссертант тақырыпты таңдап алу барысында аса маңызды мәселелерді қозғауға бет бұрған.

Үшіншіден, жаңа ақпараттық кеңістікті тану мен оны зерделеу болашақ қоғам дамуына құнды мәліметтер бере алады. Қазақстан жағдайындағы әлеуметтік кеңістік үнемі және үздіксіз формада, тың және дәстүршілік қағидасына орай жаңа мәліметтерді керек етеді. Оның философиялық мазмұны бұқаралық санада өзіндік орны бар мағынаға ие болады. Бұл мазмұн қайталанбайтындай болып құрылуы қажет. Олай болса, қазіргі өркениет дәуіріндегі ақпараттардың тоғысуы жөнінде зерттеу аса маңызды құндылық болып саналады, ол жан-жақты зерделеуді қажет етеді. Әрине, оның әр түрлі қырлары мен тұстары бар. Ақпараттар тарихи әлеуметтік астары терең болғандықтан, қазіргі елімізде іргелі әлеуметтік саяси маңызы бар. Осы идеялық құндылықты

элеуметтік философиялық тұрғыдан талдап өту керек екендігі баршамызға түсінікті.

Төртіншіден, қазіргі таңда біздің Қазақстан қоғамында цифрлы дәуірге ілесу жөнінде жаңа стратегия құрылған. Сонымен, қатар электронды үкімет оның жаңа форматтары заманауи шындықты өздігінше жаңартып отырады. Себебі, цифр концентранцияланған әлемнің көрінісін бізге ұсынады. Егер де, шынайылық өмірдің мазмұнын беретін болса, ақпараттар өзіне-өзі бірегейленеді. Осыған сәйкес, автордың қозғап отырған тақырыбының өзектілігі арта түседі деп айта аламыз. Осындай мәселе шетелдік ғалымдарда және ресейлік ойшылдарда да қарастырылғанмен, Қазақстандағы ақпараттық кеңістіктің қазіргі элеуметтік деңгейі диссертациялық талдаулар бойынша жете зерттелмеген. Сондықтан автордың аталған тақырыпты таңдап алуы аса маңызды мәліметтерді болашақта бере алатын құнды еңбек деп санаймыз.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық және теориялық маңыздылығы, жалпы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, оның сұраныстарынан туындап отырғандығы зерттеу аясында қозғалып отырған мәселелердің теориялық және тәжірибелік қырымен байланыстылығында. Әрбір тұлғаның қазіргі инновациялық даму жүйесі бойынша заманға тез бейімделуді қажет ететіндігімен де тікелей қатысты мамзұндағы тың идеяларды ұсына алады.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми жаңалығы.

Диссертациялық жұмысының қойып отырған мәселесі қазіргі әрбір ғылым саласындағы ғалымдардың дискурсы аясында болғандықтан, бұл тақырып жөнінде көптеген ғалымдар өздерінің азды-көпті пікірлерін білдіріп келеді. Дегенмен, автор бұл тұстағы көп жылғы ізденістер нәтижесіндегі өзіндік жаңалықтары да жоқ емес.

1. Диссертант ақпараттардың берілісі турасындағы аухалдарды зерттеу барысында теориялық-әдіснамалық бағдарды негізге ала отырып, адамзат эволюциясындағы жалпы ақпараттардың орны мен роліне философиялық талдаулар жасайды, ақпараттардың генезисінің мифтік дәуірден бастау алатындығы туралы тұжырымын дәйектейді. Жалпыдан жекеге өту бойынша «Ақпарат – Ақпараттық қоғам – ақпараттандыру – Қазіргі заманғы ақпараттық қоғам келбеті» деген құрылымды түзе отырып, оның әрқайсысын талдап өтеді.

2. Кеңістік теориясына үңілген автор, алдымен, физикалық кеңістік пен ақпараттық кеңістіктің ара жігін көрсетіп бере отырып, ақпараттық сфераның күрделі құрылым екендігін негізге алып, оның құрылымдық-функционалдық негіздерін ұсынады: биологиялық-генетикалық, физикалық-континуумдық, психологиялық, мәдени-рухани, саяси-элеуметтік, экономикалық т.б. Лингвистика бойынша: Мәтін, Тезис, Тіл мен тілсіз рәсімдер, танымдық құралдар, когнитивті синтаксис мәселелерін де шолу жасап өтеді.

3. Қазақстандағы ақпараттық үдерістің эволюциясына сараптамалар жасай келе, оның тарихи-танымдық негіздерін саралайды, оның ішінде, ауызша мәдениеттің таралуының ерекшеліктері мен оның құндылықтық

жақтарын талдап береді. Билердің, шежіренің, жыраулардың және түркі даласындағы аңыздардың таралуының өзіндік бағдарларын түсіндіріп өтеді.

4. Еліміздегі идеологиялық кеңістіктің тарихи тамырларына да шолу жасай келе, XIX ғасырдағы идеологиялық бағыттардың негізгі үш сипатын атап өтеді. XX ғасыр басындағы Қазақстандағы газет шығару, кітап басуды ағартушылық ретінде бағалай келе, кітап мәдениетінің өзіндік философиясын талдайды, оның құндылықтық жақтарына баса назар аударады. Жаһандану жағдайындағы ақпараттардың таралуын пессимистік және оптимистік көзқарастар аясында жіктейді.

5. Автор ақпараттық қоғам жағдайындағы тұлға мәселесін талдап өтеді, ондағы адамның орны ақпараттарды қалыптаструшылық, қабылдаушылық, тасымалдаушылық қызметтері туралы өзіндік қортындылар жасайды. Ақпараттық үдеріс тұрақты түрде кез-келген азаматтың, әлеуметтік топтың, мемлекеттік билік институтының қоғамның рухани әлеуетіне араласуына мол мүмкіндік беретіндігі; ақпараттық кеңістікте тұлғаны, қоғамның, мемлекеттің кепілдендірілген ақпараттық қауіпсіздігі қамтамасыз етуге тиісті екендігін дәйектейді.

6. Қазіргі ақпараттық желілердің жағымды және жағымсыз тұстарын бүгінгі таңдағы отандық кеңістік пен халқымыздың мәдениеті аясы бойынша жіктеп көрсетеді. Сондай-ақ, зерттеу жұмысында еліміздегі ақпараттық қоғам дамуының жалпы келбеті мен болашағын әлеуметтік философиялық тұрғыдан зерделейді: оны пәнаралық байланыс негізінде жүзеге асыру, әлеуметтанулық салада цифрлық қоғамның алдағы көріністерінің модельдерін құру, ақпараттардың интенсивті түрде алмасуына және экстенсивті түрде жүріп отыруына бейімделетін қоғамның үлгісін дайындау т.б.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Ізденуші ғылыми нәтижелерін дәйектеу мен негіздеу барысында тиісті орындардың талаптары мен сұраныстарын толықтай қанағаттандырған.

Бірінші ғылыми нәтиже. Бұл нәтижені негіздеу барысында автор философиялық әдістерді кеңінен қолданады. Ол логика-семантикалық талдаулар бойынша ақпарат, ақпараттық қоғам, ақпараттандыру сияқты түсініктердің мағынасын ашып береді. Ізденуші тарихилық ұстанымын негізге ала отырып, адамзат дамуындағы ақпараттар эволюциясын көрсетіп беруде, мифті зерттеуші ғалымдардан бастап, қазіргі таңдағы ақпараттық қоғамды сараптаушы ойшылдардың еңбектерін басшылыққа алады. Нәтижесінді әр ұғымдарға генетикалық анықтама береді.

Екінші ғылыми нәтижені дәйектеу барысында диссертант интегративтік әдістерді пайдаланады. Қоғамдық ғылымдар аясындағы зерттеулерді, саясаттанулық, әлеуметтанулық, әлеуметтік философиялық салалардағы мағлұматтарды кеңінен пайдалана отырып, өзінің ойларын дәлелдей түседі. Бұл нәтижеде де Е.Масуда, Рим клубының өкілдері,

Д.Нэсбит пен П.Эбурдиннің еңбектерін сүйенген. Сондықтан бұл нәтиже де да негізделген.

Үшінші ғылыми нәтиже де дәйектелген. Автор бұл нәтижені негіздеу барысында таным теориясының заңдылықтары мен сатыларына сүйенеді, ақпараттарды қабылдауды әрбір саты арқылы көрсетіп береді. Горизонтальді және вертикальді әлеуметтік кеңістік туралы айтылған теорияларды да негізгі алады. Ақпараттар туралы ғылыми философиялық және мистикалық сарындағы ұғымдарды талдай келе, өзіндік байыпты тұжырымдарын ұсынады. Бұл тұста, ақпараттарды қабылдаудың физиологиялық және психологиялық қырларын зерттеген: Г. Фоллмер, Дюбуа-Рейман, Дж. Экклз, Г.Тойбер, Дж.Экклз, У. Пенфильд, Дэвид Хьюбел, Торстен Визел сынды ғалымдардың туындыларын басшылыққа алады.

Төртінші ғылыми нәтиже. Бұл нәтиже де дәйектелген және ғылыми тұрғыдан негізделген. Қазіргі Қазақстанның ақпараттық кеңістігінің шынайы бейнесін сараптап, оны сыни және продуктивті ой машығында ашып көрсеткен. Ол үшін отандық ақпараттық кеңістік туралы қоғамдық пікірлерді де ескере отырып, оларды сараптап, еліміздегі ақпараттық сфераның кемшін тұстарын көрсетеді. Осы тұста, мәдени-тарихи сараптамалар жүргізіп, психоаналитикалық-антропологиялық дәйектемелер жасайды және оны ұлттық мәдениет аясында нақты мысалдармен көрсетіп береді.

Бесінші ғылыми нәтиже де теориялық тұрғыдан негізделген. Еліміздегі жаңа технологиялар мен Цифрлы Қазақстан жағдайындағы даму саясатының негізгі бағдарламаларын басшылыққа алған автор оның басты ерекшеліктерін әлемдік ақпараттық кеңістікпен байланыстыра қарастырған. Алынған тұжырымдары нақты және ғылыми тұрғыдан құрылған.

Алтыншы ғылыми нәтижені дәйектеу негізінде зерттеуші қоғамымыздың перспективті даму беталысындағы нақты айғақтарға сүйенеді. Гадамерден бастап, қазіргі Қазақстандағы ақпараттық даму, «Ақсақалдар кеңесі», әлеуметтік мифтер, медиалық жағдай сияқты мәліметтерді оңтайлы пайдаланған. Еліміздегі ақпараттық кеңістіктің болашағын байыптау барысында, ол модельдеу, аналогия, прогностикалық жобалау тәрізді әдістерді басшылыққа алып, өз ойларын ғылыми таным теориясы бойынша түзе білген.

4. Ізденушінің диссертацияда қол жеткізген әрбір ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі.

Жұмыстағы ұсынылған ғылыми нәтижелер әлеуметтік философиялық негізде жаңа, толықтай жаңа, салыстырмалы жаңа деген бағауларға сүйенеді.

1-нәтиже. Ақпараттық кеңістікті теориялық-әдіснамалық тұрғыдан талдау барысында автор оның құрылымдық генезисіне сараптамалар жасап, өзіндік анықтамаларын да ұсынған. Нәтиженің теориялық деңгейі жоғары. Алынған нәтижені толықтай жаңа деп бағалаймыз.

2-нәтижеде диссертант өзінің ұстанымдар мен пікірлерін ақпараттық қоғам эволюциясына шолулар жасау арқылы, әлемдік іргелі зерттеулердің

өзіне қажетті тұстарын пайдалана отырып, оған төлтума идеяларын да кірістіріп отырғандықтан бұл жаңа нәтижеге лайықты.

3-нәтиже. Еліміздегі ақпараттық кеңістікті талдау барысында жұмыста оның тарихи негіздеріне шолулар жасалып, қазіргі таңдағы ұлттық идеяның таралу аймағын таразылайды, қазақтандыру үрдісінің ақпараттар арқылы насихатталуының көріністерін сипаттайды. Бұл – салыстармалы жаңа.

4-нәтиже бойынша Қазақстандағы ақпараттық қоғам аясындағы әлемдегі әр түрлі идеологиялардың ықпал етіп отырған тетіктерін көрсетеді. Жаһандану жағдайындағы әр қилы насихаттардың жағымды және жағымсыз тұстарын ажыратып береді. Сондықтан да бұл нәтиже жаңа болып саналады.

5-нәтиже. Цифрлық Қазақстандағы әлеуметтік құрылымдардың, әлеуметтік желілердің таралу аумағы мен ондағы мәліметтердің негізгі бағдарларын көрсете келе, заман талабына сай, ондағы адамның орнын бағамдайды. Бұл нәтиже – салыстырмалы жаңа.

6-нәтиже. Отандық ақпараттар жүйесінің дамуының перспективасы туралы баяндайды. Бұл саланың болашақтағы көріністерінің өзіндік жобаларын ұсынады, сыни пікірлері мен ұлттық ақпараттық қауіпсіздік мәселесін де таразылайды. Сондықтан да, бұл нәтиже – толықтай жаңа деп бағалай аламыз.

5. Алынған нәтижелерінің ішкі бірлігінің бағалануы.

Алынған нәтижелер жүйелі түрде құрылған, логикалық байланыстар бар, бірізділік сақталған. Алынған тараулар мен бөлімдер бір-бірімен конструктивті түрде сабақтасады, өзара сәйкес немесе ұқсайтын мазмұндар кездеспейді. Автордың ұсынылған идеялары ұштаса келе, қорытындылар жасаумен жалғасын тапқан. Бөлімдер мен тараулар соңында нақты қорытындылар жасайды. Осыған сәйкес, диссертация жалпы ғылыми танымның талаптары мен шарттарын барынша жеткілікті деңгейде қанағаттандыра алады.

6. Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік мәнділігі. Зерттеу жұмысы теориялық және тәжірибелік деңгейде маңызды болып саналады. Қазіргі таңдағы Қазақстандағы барлық ақпараттық ресурстарды, атап айтсақ, кітаптардан бастап, ақпараттық желілердегі мәліметтерді, БАҚ-ындағы берілген пікірлерді ғылыми-теориялық тұрғыдан сараптау барысында септігін тигізе алады. Өз кезегінде, қоғамдағы ақпараттық кеңістікті одан әрі зерттеушілер үшін құнды материалдар бере алады.

Тәжірибелік мәнділігі ақпараттық қоғамда өмір сүріп отырған әрбір тұлғаның өзіндік орнын айшықтай түсуімен келіп жалғасын табады. Сондай-ақ, ғылыми-теориялық ізденістерде, мемлекеттік саяси-әлеуметтік институттар мен арнаулы орындарда да, білім беру салаларында өзінің тиімді қолданбалы қыры маңызды.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Диссертациялық зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен нәтижелері бірнеше басымдарда жарияланған. Атап айтсақ, әл-Фараби атындағы Қазақ

ұлттық университеті Хабаршысының «Философия, мәдениеттану және саясаттану» сериясында 2 мақала, Ғылым комитеті, Философия, саясаттану және дінтану институтының «Әл-Фараби» журналында 1 мақала жарық көрді. Сондай-ақ Scopus базасына кіретін «Orscion» (Ано 36, Regular №91(2020):784-802) журналында 1 мақала жарияланды. Одан басқа да, бірнеше мақалалар халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық конференциялар жинақтарында басылып шықты. Аталған мақалалар мен жарияланымдар жұмыс мазмұнына сәйкес келеді.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Диссертациялық жұмыс мазмұны әлеуметтік философиялық саланың зерттеу талаптарына толықтай сәйкес келеді. Дегенмен, еңбектің орындалу барысында азды-көпті мынадай кемшіліктер кездеседі.

Автордың кейбір сілтемелері тым ұзақтау, кейбірі бір бетке жуықтап қалады. Ол қажетті шығар, бірақ та олардың арасында өз ойларын білдіріп отырса игі еді.

Ақпараттың еліміздегі таралу жылдамдығы мен динамикасы туралы да айта кетсе, оны нақты әлеуметтанулық, контент-анализдік т.б. зерттеулермен дәйектеп берсе, жұмыстың сапасы артар еді.

Дегенмен, аталған кемшіліктер жұмыстың жалпы мазмұнына нұқсан келтірмейді, теориялық деңгейін төмендетпейді.

9. Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 2-ші бөлімінің талаптарына сәйкестігі.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «Философиялық ғылымдар» бойынша диссертациялық кеңесіне ұсынылған «6D020100-Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған Балабекұлы Досжанның «Қазіргі заманның ақпараттық кеңістігі: әлеуметтік философиялық талдау» тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 2-ші бөлімінің талаптарына толықтай сәйкес келеді. Жұмыс теориялық тұрғыдан дәйекті, жоғары ғылыми деңгейде жазылған. Сондықтан бұл диссертацияны қорғауға ұсынамыз және оның авторы 6D020100 – философия мамандығы бойынша (PhD) докторы ғылыми дәрежесін алуға толық лайықты деп санаймын.

Ресми сын-пікір беруші:

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті,
«Қоғамдық ғылымдар» кафедрасының
қауымдастырылған профессоры (доцент),
PhD доктор**

